

## **ОТЧЕТ**

### **о профориентационной работе педагога-профориентатора за 2025–2026 учебный год**

#### **1. Общие сведения**

Профориентационная работа в КГУ «Общеобразовательная школа села Петровка» осуществлялась в рамках плана профориентационной работы школы, утверждённым администрацией, а также в рамках реализации задач воспитательной работы и государственной политики в сфере образования и занятости молодежи.

Основной целью профориентационной деятельности являлось содействие профессиональному самоопределению обучающихся, формирование у них устойчивой мотивации к осознанному выбору профессии, расширение знаний о мире труда, образовательных маршрутах и востребованных специальностях. В течение отчетного периода профориентационная работа была направлена в основном на учащихся 8–10 классов и проводилась с учетом возрастных, психологических и индивидуальных особенностей школьников. Использовались различные формы работы: диагностические методики, беседы, игровые упражнения, квест-игры, практико-ориентированные мероприятия, встречи и экскурсии. Работа велась в тесном взаимодействии с педагогом-психологом, классными руководителями, социальными партнёрами, а также с использованием современных цифровых ресурсов.

#### **2. Цели и задачи профориентационной работы**

Цель: формирование у обучающихся готовности к осознанному профессиональному выбору на основе самопознания, анализа собственных возможностей и требований рынка труда.

##### **Задачи:**

- расширять представления учащихся о многообразии профессий;
- формировать уважительное отношение к труду и людям разных профессий;
- развивать навыки самооценки, самопознания и принятия решений;
- знакомить с современными и востребованными профессиями;
- способствовать взаимодействию школы с социальными партнёрами;
- формировать интерес к рабочим и социально значимым профессиям.

#### **3. Основные направления и содержание работы**

##### **3.1. Диагностическая деятельность**

Диагностическая работа была направлена на выявление профессиональных интересов, склонностей и предпочтений обучающихся. В течение учебного года были проведены следующие мероприятия:

- сочинение на тему «Моя будущая профессия» среди учащихся 10 класса, которое позволило выявить уровень осознанности профессиональных намерений, интересы и жизненные планы старшеклассников;
- проведение методики А.А. Голомштока «Карта интересов» среди учащихся 9 класса, в ходе которой были определены ведущие сферы интересов обучающихся (человек–человек, человек–техника, человек–знаковая система и др.);
- проведение методики Дж. Холланда на определение профессионального типа личности;
- диагностика по выявлению уровня самооценки учащихся.

Результаты диагностических мероприятий использовались для дальнейшей индивидуальной и групповой консультативной работы, а также для планирования последующих профориентационных мероприятий.

### **3.2. Консультативная работа и профессиональное просвещение**

В рамках консультативного направления проводилась работа, направленная на предупреждение типичных ошибок при выборе профессии и формирование осознанного подхода к профессиональному самоопределению. С целью расширения знаний учащихся о современном рынке труда и образовательных возможностях была проведена масштабная работа по профессиональному просвещению.

- Были проведены беседы с учащимися старших и средних классов «Ошибки при выборе профессии» и «Все профессии важны». В ходе бесед рассматривались: влияние стереотипов и мнения окружающих; выбор профессии «за компанию»; ориентация только на престиж или уровень дохода; несоответствие между интересами, способностями и требованиями профессии. Подобные профориентационные беседы регулярно проводились и во втором полугодии.
- Организована работа с профориентационной онлайн-платформой «Мансап компасы» — цифровым ресурсом, предназначенным для помощи школьникам в выборе профессии. Платформа включает профориентационные тесты, описание профессий, информацию о востребованных специальностях, а также возможные образовательные маршруты.
- Проведена Неделя психологии совместно с педагогом-психологом Секеновой Р.О., в рамках которой состоялась профориентационная

- квест-игра «Мир профессий» для учащихся 9–10 классов. Квест был направлен на развитие познавательного интереса, командной работы и расширение представлений о профессиях в интерактивной форме.
- Организовано выступление для родителей 8 «А» класса на тему профориентации, направленное на включение семьи в процесс поддержки профессионального выбора подростков.
  - Также проводились индивидуальные консультации по итогам диагностических методик и наблюдений, в ходе которых учащимся предоставлялись рекомендации по дальнейшему обучению и профессиональному развитию.

### **3.3. Практическая деятельность**

Практическая направленность профориентационной работы обеспечивалась через игровые и деятельностные формы:

- проведено игровое упражнение «Кто есть кто» среди учащихся 8 класса, направленное на формирование понимания профессиональных ролей, необходимых личностных качеств и навыков;
- в рамках Года рабочих профессий организована акция благодарности техническому персоналу школы от учащихся старших классов. Акция способствовала формированию уважительного отношения к труду, осознанию значимости рабочих профессий и развитию социальной ответственности школьников;
- в рамках Недели молодых специалистов были проведены интерактивные тренинги как для педагогов, так и для учеников старших классов, что способствовало сплочению коллектива и развитию коммуникативных навыков.

### **3.4. Взаимодействие с социальными партнёрами и учебными заведениями**

Важным направлением работы стало знакомство учащихся с реальными условиями труда, а также с образовательными возможностями региона:

- Организовано посещение акимата Николаевского сельского округа, в ходе которого учащиеся познакомились с особенностями работы социального работника и бухгалтера, узнали о требованиях к данным профессиям и их значимости для общества.
- В течение года велась систематическая работа по изучению учебных заведений, специальностей и направлений подготовки, что позволяет своевременно информировать учащихся и родителей о возможностях дальнейшего образования.
- Состоялась продуктивная встреча с представителем колледжа «Арна» (г. Кокшетау) в рамках заключенного меморандума о сотрудничестве.

- Организованы профориентационные визиты в нашу школу: перед учащимися выступили представители Колледжа агробизнеса и сервиса (Егиндыкольский район), Колледжа агробизнеса и сервиса (Астраханский район), а также студент Академии Пограничной службы КНБ РК (ҚР ҰҚК Шекара академиясы).
- Ученики 9 классов в выездном формате посетили Колледж агробизнеса и сервиса (село Астраханка) для наглядного ознакомления с профессиями.
- В рамках Дня открытых дверей состоялся совместный визит педагога-профориентатора и представительницы родительской общественности в Колледж агробизнеса и сервиса (село Астраханка) для изучения условий обучения и перспектив поступления.

#### 4. Анализ и результаты работы


Проведённая за учебный год профориентационная работа показала устойчивую положительную динамику:

- повысился интерес учащихся к вопросам профессионального самоопределения;
- расширились знания о профессиях и рынке труда;
- сформировалось более осознанное отношение к выбору будущей специальности;
- повысилась значимость рабочих и социально ориентированных профессий в глазах обучающихся.

#### 5. Заключение

Таким образом, профориентационная работа за 2025–2026 учебный год была проведена системно, целенаправленно и в соответствии с утвержденным планом. Использование разнообразных форм и методов работы, а также активное привлечение социальных партнеров и колледжей позволило охватить значительное количество учащихся и создать комфортные условия для их профессионального и личностного самоопределения.

Педагог-профориентатор: Сайдаева М.А. 

Директор школы: Ищанова З.Т. 

## ЕСЕП

### 2025–2026 оқу жылындағы педагог-кәсіптік бағдар берушінің кәсіптік бағдар беру жұмысы туралы

#### 1. Жалпы мәліметтер

«Петровка ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ-дегі кәсіптік бағдар беру жұмысы әкімшілік бекіткен мектептің кәсіптік бағдар беру жұмысының жоспары шеңберінде, сондай-ақ тәрбие жұмысының міндеттерін және жастарды біліммен қамту мен жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде жүзеге асырылды.

Кәсіптік бағдар беру қызметінің негізгі мақсаты білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал ету, оларда мамандықты саналы түрде таңдауға деген тұрақты уәжді қалыптастыру, еңбек әлемі, білім беру маршруттары мен сұранысқа ие мамандықтар туралы білімдерін кеңейту болды. Есепті кезеңде кәсіптік бағдар беру жұмысы негізінен 8–10 сынып оқушыларына бағытталды және мектеп оқушыларының жас, психологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып жүргізілді. Жұмыстың әртүрлі формалары қолданылды: диагностикалық әдістемелер, әңгімелесулер, ойын жаттығулары, квест-ойындар, практикаға бағытталған іс-шаралар, кездесулер мен экскурсиялар. Жұмыс педагог-психологпен, сынып жетекшілерімен, әлеуметтік серіктестермен тығыз іс-қимылда, сондай-ақ заманауи цифрлық ресурстарды пайдаланумен жүргізілді.

#### 2. Кәсіптік бағдар беру жұмысының мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: өзін-өзі тану, өз мүмкіндіктерін талдау және еңбек нарығының талаптары негізінде білім алушылардың саналы түрде кәсіби таңдау жасауға дайындығын қалыптастыру.

##### Міндеттері:

- оқушылардың мамандықтардың әртүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту;
- еңбекке және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;
- өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану және шешім қабылдау дағдыларын дамыту;
- заманауи және сұранысқа ие мамандықтармен таныстыру;
- мектептің әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимылына ықпал ету;
- жұмысшы және әлеуметтік маңызы бар мамандықтарға деген қызығушылықты қалыптастыру.

#### 3. Жұмыстың негізгі бағыттары мен мазмұны

### 3.1. Диагностикалық қызмет

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың кәсіби қызығушылықтарын, бейімділіктері мен таңдауларын анықтауға бағытталды. Оқу жылы ішінде келесі іс-шаралар өткізілді:

- 10-сынып оқушылары арасында «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында шығарма жазылды, бұл жоғары сынып оқушыларының кәсіби ниеттерінің, қызығушылықтары мен өмірлік жоспарларының саналылық деңгейін анықтауға мүмкіндік берді;
- 9-сынып оқушылары арасында А.А. Голомштоктың «Қызығушылықтар картасы» әдістемесі өткізілді, оның барысында білім алушылардың жетекші қызығушылық салалары (адам–адам, адам–техника, адам–белгілер жүйесі және т.б.) анықталды;
- кәсіби тұлға типін анықтауға арналған Дж. Холланд әдістемесі өткізілді;
- оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау бойынша диагностика жүргізілді.

Диагностикалық іс-шаралардың нәтижелері алдағы жеке және топтық кеңес беру жұмыстары үшін, сондай-ақ кейінгі кәсіптік бағдар беру іс-шараларын жоспарлау үшін пайдаланылды.

### 3.2. Кеңес беру жұмысы және кәсіптік ағарту

Кеңес беру бағыты шеңберінде мамандық таңдаудағы типтік қателіктердің алдын алуға және кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыруға бағытталған жұмыс жүргізілді. Оқушылардың заманауи еңбек нарығы мен білім беру мүмкіндіктері туралы білімдерін кеңейту мақсатында кәсіптік ағарту бойынша ауқымды жұмыс атқарылды.

- Жоғары және орта сынып оқушыларымен «Мамандық таңдаудағы қателіктер» және «Мамандықтың бәрі маңызды» тақырыптарында әңгімелесулер өткізілді. Әңгімелесу барысында: стереотиптер мен айналадағылардың пікірінің әсері; мамандықты «жолдастармен бірге» таңдау; тек беделге немесе табыс деңгейіне ғана бағдарлану; қызығушылықтар, қабілеттер мен мамандық талаптары арасындағы сәйкессіздіктер қарастырылды. Мұндай кәсіптік бағдар беру әңгімелесулері екінші жартыжылдықта да жүйелі түрде өткізіліп тұрды.
- Мектеп оқушыларына мамандық таңдауға көмектесуге арналған цифрлық ресурс — «Мансап компасы» кәсіптік бағдар беру онлайн-платформасымен жұмыс ұйымстасырылды. Платформа кәсіптік бағдар беруші тесттерді, мамандықтардың сипаттамасын, сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпаратты, сондай-ақ ықтимал білім беру маршруттарын қамтиды.

- Педагог-психолог Р.О. Секеновамен бірлесіп «Психология апталығы» өткізілді, оның аясында 9–10 сынып оқушыларына арналған «Мамандықтар әлемі» кәсіптік бағдар беру квест-ойыны ұйымдастырылды. Квест интерактивті нысанда танымдық қызығушылықты, командалық жұмысты дамытуға және мамандықтар туралы түсініктерді кеңейтуге бағытталды.
- Жасөспірімдердің кәсіби таңдауын қолдау процесіне отбасын тартуға бағытталған 8 «А» сынып ата-аналарына арналған кәсіптік бағдар беру тақырыбында сөз сөйлеу ұйымдастырылды.
- Сондай-ақ диагностикалық әдістемелер мен бақылаулардың нәтижелері бойынша жеке кеңестер жүргізілді, оның барысында оқушыларға одан әрі білім алу және кәсіби даму бойынша ұсынымдар берілді.

### **3.3. Практикалық қызмет**

Кәсіптік бағдар беру жұмысының практикалық бағыттылығы ойын және іс-әрекет формалары арқылы қамтамасыз етілді:

- 8-сынып оқушылары арасында кәсіби рөлдерді, қажетті тұлғалық қасиеттер мен дағдыларды түсінуді қалыптастыруға бағытталған «Кімнің кім екені» ойын жаттығуы өткізілді;
- Жұмысшы мамандықтары жылы шеңберінде жоғары сынып оқушылары тарапынан мектептің техникалық қызметкерлеріне алғыс айту акциясы ұйымдастырылды. Акция еңбекке құрметпен қарауды қалыптастыруға, жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын сезінуге және мектеп оқушыларының әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға ықпал етті;
- Жас мамандар апталығы аясында педагогтар үшін де, жоғары сынып оқушылары үшін де интерактивті тренингтер өткізілді, бұл ұжымның ұйымшылдығын арттыруға және коммуникативтік дағдыларды дамытуға септігін тигізді.

### **3.4. Әлеуметтік серіктестермен және білім беру мекемелерімен өзара іс-қимыл**

Жұмыстың маңызды бағыты оқушыларды нақты еңбек жағдайларымен, сондай-ақ аймақтың білім беру мүмкіндіктерімен таныстыру болды:

- Николаев ауылдық округі әкімшілігіне бару ұйымдастырылды, оның барысында оқушылар әлеуметтік қызметкер мен бухгалтер жұмысының ерекшеліктерімен танысып, осы мамандықтарға қойылатын талаптар мен олардың қоғам үшін маңыздылығы туралы білді.
- Жыл бойы оқушылар мен ата-аналарды алдағы білім алу мүмкіндіктері туралы уақтылы ақпараттандыру мақсатында білім беру мекемелерін,

мамандықтар мен даярлық бағыттарын зерделеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілді.

- Бекітілген ынтымақтастық меморандумы аясында «Арна» колледжінің (Көкшетау қ.) өкілімен нәтижелі кездесу өтті.
- Мектебімізге кәсіптік бағдар беру сапарлары ұйымдастырылды: оқушылар алдында Агробизнес және сервис колледжі (Егіндікөл ауданы), Агробизнес және сервис колледжі (Астрахан ауданы) өкілдері, сондай-ақ ҚР ҰҰК Шекара академиясының студенті сөз сөйледі.
- 9-сынып оқушылары мамандықтармен көрнекі түрде танысу үшін Агробизнес және сервис колледжіне (Астраханка ауылы) көшпелі форматта барды.
- Ашық есік күні аясында оқу жағдайлары мен түсу перспективаларын зерделеу үшін кәсіптік бағдар беруші мен ата-аналар қауымдастығы өкілінің Агробизнес және сервис колледжіне (Астраханка ауылы) бірлескен сапары ұйымдастырылды.

#### 4. Жұмысты талдау және нәтижелері

Оқу жылында жүргізілген кәсіптік бағдар беру жұмысы тұрақты оң динамиканы көрсетті:

- оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелеріне қызығушылығы артты;
- мамандықтар мен еңбек нарығы туралы білімдері кеңейді;
- болашақ мамандықты тандауға неғұрлым саналы көзқарас қалыптасты;
- білім алушылардың көзқарасында жұмысшы және әлеуметтік бағытталған мамандықтардың маңыздылығы артты.

#### 5. Қорытынды

Осылайша, 2025–2026 оқу жылындағы кәсіптік бағдар беру жұмысы жүйелі, мақсатты түрде және бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілді. Жұмыстың әртүрлі формалары мен әдістерін қолдану, сондай-ақ әлеуметтік серіктестер мен колледждерді белсенді тарту көптеген оқушыларды қамтуға және олардың кәсіби әрі тұлғалық өзін-өзі анықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік берді.

Кәсіптік бағдар беруші педагог: Сайдаева М.А. 

Мектеп директоры: Ищанова З.Т. 